


ЖОЛДАУҒА ҚОЛДАУ

ЦИФРЛЫ БІЛІМ ТАБЫСҚА ЖЕТЕЛЕЙДІ

XXI ғасыр адамзат өмірінің барлық саласына жағымды жаңаңылқы енгізіп қана қоймай, жаңа мамандықтарды да ала келді. Адам баласы XX ғасырда қажетсінбеген, тіпті естіп-білмеген сан түрлі кәсіп иелері пайда болуда.

Жаңа мамандықтардың ба-
сым бөлігі нарықтық экономи-
каның өз күшіне мініп, IT са-
ласының ілгері дамуына байла-
нысты ортамызға жетіп отыр-
ғаны белгілі. Мемлекет басшы-
сы Қасым-Жомарт Тоқаев өт-
кен жылы жариялаган «Халық
бірлігі және жүйелі реформалар
– ел өркендеуінін берік негізі»
атты Қазақстан халқына Жол-
дауында қазіргі заманда бәсеке-
ге қабілеттіліктің басты факто-
рының бірі барынша цифран-
дыру екеніне назар аударып:
«...отандық IT-секторды дамы-
тып, күшейте тұсу де манызды.
Елімізге жас, білімді әрі ынта-
лы мамандар керек. Цифран-
дыру жөніндегі үлттық жоба-
ның аясында қемінде 100 мың

жоғары білікті IT маман даяр-
лау қажет» деген болатын. Бол-
лашақта мемлекеттер арасын-
дағы бәсеке халықтың компью-
терлік сауатымен, жаңа техно-
логияны енгізу қарқынымен өл-
шенеді. Цифрлық экономика қай
денгейде болса да IT-мамандар-
га сұраныс азаймайды. Жаңа за-
манның талабына сай цифрлы
білім, ғылым және технология-
лар табысқа жеткізетін жол.

**Г.ӘМІРХАНОВА,
Ж.МЫРЗАБЕКОВА,
Ж.ОРДАБАЕВА,
Н.АБДІҚАДЫРОВА,
Р.АБДРАХМАНОВА,
М.ӘҮЕЗОВ атындағы ОҚУ
колледжінің
магистр-қызытушылары**